








## Мультивалюталық картаны пайдалану жөніндегі жадынама





### Мультивалюталық картаны шығару кезінде бір мезгілде үш карта Шоты ашылады – теңге, АҚШ доллары және еуро

Мультивалюталық картаның өзге валюталардағы Шоттарын ашу мүмкіндігі және олардың саны Банктің шешімімен анықталады. Клиент тек бір ғана мультивалюталық картаны шығара алады.

-  **Мультивалюталық картаны пайдалану бір карта Шотының басымдылығы қағидаты бойынша жүзеге асырылады – Карта ұстаушы негізгі Карта шотын дербес анықтайды және қажет болған жағдайда Қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы оны өзгерте алады. Мультивалюталық картаны шығару кезінде теңгедегі Карта шоты әдепкі қалпы бойынша негізгі болып табылады.**
-  **Қашықтан қол жеткізу жүйесінде Мультивалюталық картаның шоттары бойынша ақша қалдығы негізгі Карта шотынан баста көрсетіледі.**
-  **Карталық операцияларды жүргізуге арналған лимиттер/ шектеулер Мультивалюталық картаның барлық шоттарына жиынтық түрде қолданылады және операция жасалған күнгі ҚР ҰБ бағамы бойынша теңгемен есептеледі.**
-  **Клиенттің бастамасы бойынша Мультивалюталық картаны бұғаттау/бұғаттан шығару кезінде бұғаттау Мультивалюталық картаның барлық шоттарына бір мезгілде орнатылады/алынады.**
-  **Мультивалюталық картаны жабу кезінде Мультивалюталық картаның барлық шоттары бір мезгілде жабылуға жатады. Мультивалюталық картаны жабу Банктің бөлімшесінде, сондай-ақ техникалық мүмкіндік болған жағдайда Қашықтан қол жеткізу жүйесінде жүзеге асырылады.**


### Карталық операцияларды жүргізу ерекшеліктері.

**Карталық операцияларды жүргізу үшін Карта ұстаушы** Мультивалюталық картаның негізгі шотын дербес анықтауға (қажет болған жағдайда оны өзгертуге) және онда жеткілікті ақша сомасының болуын қамтамасыз етуге міндетті. Авторизацияға сұрау салу және ақшаны есептен шығару Мультивалюталық картаның негізгі шоты бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте:

-  **Карталық операция бойынша авторизацияда және/немесе растайтын құжаттарда көрсетілген валюта негізгі Карта шотының валютасынан өзгеше болған жағдайда, айырбастау жеке тұлғаларға банктік қызмет көрсетудің Жалпы талаптарының 3.3.13-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады (бұдан әрі – Жалпы талаптар);**
-  **негізгі Карта шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Мультивалюталық картаның басқа шоттарында ақшаның бар-жоғына қарамастан, Банк Карталық операцияны жүргізуден бас тартады.**
-  **Карта ұстаушы негізгі Карта шотын растайтын құжаттар түскенге дейін өзгерткен жағдайда және/немесе Карталық операция валютасын есеп айырысу валютасына айырбастау кезінде Жүйе әрекеттерінің нәтижесінде авторизация сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, жетіспейтін ақша сомасын есептен шығару Жалпы талаптардың 7.4-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.**
-  **Карталық операция жойылған жағдайда ақша Карталық операция жүргізілген Карта шотына және Жалпы талаптардың 3.3.14-тармағында белгіленген тәртіппен есепке алынады.**

### Ақшаны есепке алу шарттары.

Ақшаны есепке алу Мультивалюталық картаның негізгі шотына жүзеге асырылады. Түскен ақшаның валютасы өзгеше болған жағдайда, айырбастау Жалпы талаптардың 1.25.2-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

-  **Мультивалюталық картаны пайдалану тәртібін және Банктің ұсынымдарын сақтау үшін жауапкершілік Мультивалюталық карта ұстаушысына жүктеледі.**